

Хаттама №126

Қалалық онкология орталығының жиналысы

Төраға: Д.Ж.Жұмағали - Қалалық онкологиялық орталығының ұйымдастыру әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары

Төрайым: Р.И.Асабаева - Қалалық онкологиялық орталығының медициналық сапа ісі жөніндегі орынбасары.

Баяндамашы: Орталықтың комплаенс офицері Б.Е.Алихан

Хатшы: Б.О.Арыстан - Қалалық онкологиялық орталығының методисті.

Тақырыбы: 1) Этика деантология негіздері

2) Жемқорлық саясатының стратегиясы

Қатысқандар.

- Орталық дәрігерлері;
- Аға мейірбекелер, мейірбикелер

Күн тәртібінде

Семинарды Д.Ж.Жұмағали және Р.И.Асабаева сөз бастады. 2024 жылдың 1,5 ай көлемінде этика деантология бірқатар дәрігерлер мен медбикелердің пациент тарапынан бұзылған түсінбеушіліктердің алдын алу мақсатында баяндама оқылып жатқандығын атап өтті. Медициналық этика грек тілінен алғанда – адамгершілікті зерделеу немесе медициналық деонтология грек тілінен алғанда – парыз деген ұғымдарға ие, («деонтология» термині соңғы жылдардағы отандық әдебиетте кеңінен қолданылуда,) яғни бұл – медициналық қызметкерлердің кәсіби міндеттерін орындау барысындағы этикалық нормалар мен қағидаттар жиынтығы. Қазіргі заманғы түсінік бойынша, медициналық этикаға келесі аспектілер кіреді: Ғылыми–медициналық қызметкерлердің жұмысының этикалық және адамгершілік аспектілерін зерттейтін медициналық ғылым тарауы, Практикалық –кәсіби медициналық қызмет барысында этикалық нормалар мен ережелерді қалыптастыру және қолдану міндеті болып табылатын медициналық тәжірибие саласы. Сөз кезегін орталықтың комплаенс офицері Б.Е.Алиханға берілді. Б.Е.Алихан баяндама барысында: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті

жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Әрбір қоғам дамуының жақсы жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуалының жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту — әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

Қорыта айтқанда: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» деп түсіндірілді. Медициналық этика кәсіби медициналық қызмет барысында этикалық нормаларды сақтауды қамтамасыз ету айтылды.



[Handwritten signature]

Д.Ж.Жұмағали

[Handwritten signature]

Р.И.Асабаева

[Handwritten signature]

А.Б.Б. Б.О.Арыстан